



**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

**Семей**

**БЕКІТІЛДІ**  
**«Семей қаласының Шәкәрім**  
**атындағы университеті» КеАҚ-ның**  
**директорлар Кеңесінің шешімімен**

**«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ-на**  
**ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

**СЕМЕЙ**

## МАЗМҰНЫ

- 1 Қолдану саласы
  - 2 Нормативтік сілтемелер
  - 3 Жалпы ережелер
  - 4 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі
  - 5 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі
  - 6 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледжге оқуға қабылдау тәртібі
- Қосымшалар

## **1. Қолдану саласы**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ-на (бұдан әрі - Университет) Қабылдау ережесі (бұдан әрі - Ереже) университет білім алушыларының контингентін қалыптастырудың негізі болып табылатын басты талаптарды қамтиды.

Ережеде қаралатын талаптарды білім алушылар контингентін қалыптастыруға қатысты жұмыстарды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысатын университеттің барлық бөлімшелерінің орындауы міндетті болып табылады.

## **2. Нормативтік сілтемелер**

Бұл Ереже төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленді және іс-жосықтарды белгілейді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-Ш «Білім туралы» заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» (өзгерістер және толықтырулар жасалған) бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы.

## **3. Жалпы ережелер**

3.1 «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ-на (бұдан әрі - Университет) Қабылдау ережелері (бұдан әрі-Ереже) университет білім алушыларының контингентін қалыптастырудың негізі болып табылатын басты талаптарды қамтиды және университеттің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

3.2 Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

3.3 Университеттің білім алушы контингентін қалыптастыру республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3.4 Университетте Басқарма Төрағасы - ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және университеттің профессор-оқытушылар құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады. Басқарма Төрағасы – ректор Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысын тағайындайды.

## **4. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі**

### **5.**

#### **4.1 Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары**

4.1.1 Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

4.1.2 Жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша қысқартылған оқыту мерзімі бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға және (немесе) ақылы оқуға түсуге ниет білдірген, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне жоғары білімнің білім беру грантын беру үшін ҰБТ нәтижелері бойынша:

- «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша - кемінде 75 балл;

- барлық басқа білім беру бағдарламаларына 50 балдан кем емес балл жинауы керек.

Сонымен қатар ҰБТ-ның әрбір пәні бойынша және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша 5 балдан кем болмауы қажет.

4.1.3 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға ниет білдірген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинауы қажет.

4.1.4 SAT (ЭсЭйТи – SAT), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес ЖОО-ға ақылы бөлімге қабылданады.

4.1.5 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Қағидалардың 4.1.2-тармағында көрсетілген ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамаған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университетке күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде қабылданады.

Оқу жылы ішінде аталған тұлғалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларының (бұдан әрі - № 204 бұйрық) 35-тармағында көрсетілген мерзімде ҰБТ-ны қайта тапсырады.

4.1.6 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

4.1.7 Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар тұлғаларды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы оқуға түсушілерді университетке қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы әңгімелесу/тестілеу формасында жүзеге асырады.

4.1.8 Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімін қарастыратын білім беру бағдарламалары тобы бойынша жоғары білімі бар тұлғаларды ЖОО қабылдау комиссиясы әңгімелесу немесе тестілеу нысанында жүзеге асырады.

4.1.9 Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4.1.10 Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке оқуға қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте білім беру гранты негізінде де, ақылы негізде де шетелдік азаматтарды университет мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған білім беру бағдарламаларына қабылдайды.

## **4.2 Арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі**

4.2.1 Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға қабылдау арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4.2.2 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Басқарма Төрағасы - ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтихан өткізу кезеңіне комиссия құрылады.

Комиссия құрамына университеттің, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

4.2.3 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу осы Ережедегі 1-қосымшаға сәйкес арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

4.2.4 Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгіленген немесе күшейтілген жағдайларда арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды онлайн және (немесе) офлайн формаларда өткізуге жол беріледі.

Дәстүрлі түрде өткізілетін арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтауды, бір күнде емтихан тапсыратын оқуға түсушілердің санын шектеуді талап етеді.

005- «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша дәстүрлі түрдегі шығармашылық емтихан санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық спорт стадиондарында өткізіледі. 006- «Музыка мұғалімдерін даярлау», В007- «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау», В031 – «Дизайн» білім беру бағдарламалары тобы бойынша шығармашылық емтихандар санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып бөлмелерде өткізіледі.

4.2.5 Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсетін адамдар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

- жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);

- 3x4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- ҰБТ сертификаты;
- «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса).

4.2.6 Техникалық және кәсіптік білімі бар, ақылы оқуға түсетін адамдарды қоспағанда, шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 8-13 шілдесі аралығында өткізіледі.

4.2.7 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны осы Ережедегі 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

4.2.8 Толық оқыту мерзімін көздейтін шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

4.2.9 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

4.2.10 Университетте «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және арнайы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

4.2.11 Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсуші тұлғалар шығармашылық емтихандарды өзі таңдаған оқу орнында тапсырады.

4.2.12 Толық оқыту мерзімін көздейтін шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін Қазақстан тарихы, Оқу сауаттылығы пәндері бойынша балдар ескеріледі.

4.2.13 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін тұлғалар үшін арнайы пән бойынша балдар ескеріледі.

4.2.14 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары оқу орындарына түсетін тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнайы емтихан тапсырады.

4.2.15 Толық оқыту мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарына түсетін тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

4.2.16 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

4.2.17 Арнайы емтиханды өткізу бағдарламасын Педагогика және психология кафедрасы әзірлейді, оны университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

4.2.18 Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасын (4-қосымша) тиісті кафедралар әзірлейді. Бағдарламаларды университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

4.2.19 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізу орны, консультациялар) университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі.

4.2.20 Оқуға түсуші арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына (ғимаратқа) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана жіберіледі.

Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шаралар белгіленген немесе күшейтілген жағдайларда тиісті санитариялық-эпидемиологиялық шараларға сәйкес рәсім көзделеді.

4.2.21 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда (ғимаратта) өткізіледі.

4.2.22 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар басталғанға дейін түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың басталуы мен аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны, апелляцияға өтініш беру тәртібі көрсетіледі.

4.2.23 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

4.2.24 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнайы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» түрінде бағаланады.

4.2.25 Шығармашылық емтиханды өткізу нәтижелері бағалау ведомосімен, арнайы емтиханды өткізу нәтижелері рұқсат беру ведомосімен, комиссияның еркін формадағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау, университет сайтына орналастыру үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға мен қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

4.2.26 Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

4.2.27 Оқуға түсушіге өзі қабылданатын жоғары білім беру ұйымына ұсыну үшін «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнайы емтиханның нәтижелері туралы ведомостан үзінді-көшірме беріледі.

4.2.28 Оқуға түсушіге республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін және жоғары білім беру ұйымына ақылы негізде түсу үшін шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан шығармашылық емтиханның нәтижелері туралы ведомостен үзінді-көшірме беріледі.

4.2.29 Емтихандарды өткізу кезінде арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында қабылдау комиссиясы төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен құрамы төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шаралар белгіленген немесе күшейтілген жағдайларында апелляциялық комиссияның отырысын өткізу үшін стримингтік платформаларды пайдалануға жол беріледі.

4.2.30 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі беруі тиіс. Өтініш арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

4.2.31 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

4.2.32 Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысқан Комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

4.2.33 Университет оқуға түсушілердің арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханының нәтижелерін арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханды аяқтаған күні республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу және (немесе) университетке ақылы негізде қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

### **4.3 Техникалық және кәсіптік білімі бар, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтиханын (тестілеу) өткізу тәртібі**

4.3.1 Техникалық және кәсіптік білімі бар, жоғары білімі бар тұлғаларды ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша университетке қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы тестілеу түрінде жүзеге асырады.

Тестілеуге қатысу үшін өтінішті қабылдау, сондай-ақ оны өткізу 01 маусым мен 21 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

4.3.2 Тестілеуге қатысу үшін оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды (төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шаралар күшейтілген/сақталған жағдайда университеттің АЖ арқылы онлайн-режимде) ұсынады:

- 1) тестілеуге қатысуға өтініш;
- 2) қосымшасы бар білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

4.3.3 Тестілеу оқуға түсуші өзі өтініш жазып, құжаттарды өткізген күні немесе өзі таңдаған күні (таңдау жасайтын күн құжат тапсырып, өтініш жазған күннен 3 тәуліктен аспауы тиіс) жүзеге асырылады. Тестілеу оқуға түсуші таңдаған білім беру бағдарламасына сәйкес екі бейіндік пән бойынша жүргізіледі және тестілеу барысында жинаған балл көлеміне байланысты осы білім беру

бағдарламасы бойынша білім алуға «жарамды» және/немесе «жарамсыз» деп бағаланады. Тест сұрақтарының көлемі – 20, әр бейіндік пән бойынша 10 сұрақтан. Екі пәннен 6 (30%) және одан көп дұрыс жауап «жарамды» болып саналады.

4.3.4 Тестілеу төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шаралар күшейтілген/сақталған жағдайда бейне-конференц-байланысты өткізуге арналған тиісті платформаларды қолдана отырып, онлайн-режимде өткізіледі.

4.3.5 Ақылы негізде қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғаларға тестілеу өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылады, оны университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді. Емтихан комиссиясы құрамына университет кафедраларының профессорлары, доценттері және аға оқытушылары кіреді. Комиссиялардың құрамы Қазақстан Республикасының жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын ескере отырып жасакталады. Комиссия мүшелерінің саны так санды құрайды.

4.3.6 Тестілеуді өткізу нәтижелері белгіленген формадағы бағалау ведомостімен рәсімделеді. Тестілеу нәтижесімен оқуға түсуші тестілеу аяқталысымен таныса алады. Тестілеу нәтижесі «жарамсыз» болса және/немесе тестілеу нәтижесімен оқуға түсуші тест мазмұнына, техникалық себептерге байланысты келіспеген жағдайда, апелляцияға және/немесе қайта тестіленуге өтініш жазуына мүмкіндік беріледі «Жарамсыз» нәтижесі бар оқуға түсушіге үш ретке дейін қайта тестіленуге рұқсат беріледі.

Әр білім беру бағдарламасы бойынша жиынтық ведомостке емтихан комиссиясының төрағасы және барлық комиссия мүшелері қол қояды және емтихан нәтижелері комиссияның еркін формадағы хаттамасымен рәсімделіп бекітіледі.

Оқуға түсушінің таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша тестілеудің жиынтық ведомосінен алынған үзінді-көшірме оның жеке ісіне тігіледі.

4.3.7 Тестілеуді өткізу кезінде бірыңғай талаптарды сақтау және оқуға түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Апелляцияға өтініштер тестілеу өткен күні немесе келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті күнтізбелік бір күн ішінде (төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шаралар күшейтілген/сақталған жағдайда университеттің АЖ арқылы онлайн-режимде) қарайды. Апелляциялық комиссияның отырысына талапкер келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды

Апелляциялық комиссияның жұмысы апелляциялық комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді, оған төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия талапкерді апелляция қорытындылары туралы хабардар етеді.

#### **4.4 Университетке қабылдау**

4.4.1 Университетке қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге университеттің қабылдау комиссиясы арқылы немесе [egov.kz](http://egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ЖОО-на құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – МҚК стандарты) 9-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады, не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы қызмет алуға жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе,

сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол порталдағы «жеке кабинетіне» өтініш берушіге электрондық құжат түрінде жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында ұсынады.

4.4.2 Барлық оқу формаларына білім алушылар қатарына қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы 10-25 тамыз аралығында білім беру бағдарламалары бойынша және тілдік бөлімдер (қазақ, орыс, көптілді) бойынша жүзеге асырады. Бұл ретте Университет экономикалық орындылығына қарай және ЖОО саясатына сәйкес тілдік бөлімдер бойынша топтар құру құқығын өзіне қалдырады.

4.4.3 Университет білім алушыларының қатарына мемлекеттік білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған талапкерлер қабылданады.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген ЖЖОКБҰ-ға қабылдау туралы өтініш береді және ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Жоғары білімнің шығармашылық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖОО-ға қабылданады.

4.4.4 Мемлекеттік грант негізінде оқуға түсетін тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шартқа отырады.

4.4.5 Университетке ақылы оқуға, шығармашылық емтихан тапсыруды талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсушілерді қоспағанда, ҰБТ - дан өткен, тестілеу нәтижелері бойынша кемінде 50 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша - кемінде 75 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі бойынша) және әрбір бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинаған мектеп түлектері қабылданады,

4.4.6 Университетке ақылы оқуға, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді қоспағанда, ұқсас бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларына түсетін, ҰБТ-дан өткен, тестілеу нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде жалпы бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл және бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері қабылданады.

4.4.7 Университетке ақылы оқуға әңгімелесу/тестілеуден өткен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының ұқсас бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларына түсетін түлектері қабылданады.

4.4.8 Университетке шығармашылық емтихандарды тапсыруды талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқуға ҰБТ-дан өткен, тестілеу және шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша кемінде 50 балл, ал «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша кемінде 75 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы және әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған жалпы орта білім беру ұйымдарының түлектері немесе

жеделдетілген оқу мерзімімен ұқсас бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін кемінде 25 балл жинаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері қабылданады.

4.4.9 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, шекті балл жинай алмаған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университетке күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде қабылданады.

Университетте академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы адамдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына» сәйкес жыл ішінде белгіленген мерзімде ҰБТ-ны қайта тапсырады.

4.4.10 Арнайы емтихандар белгіленген «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау кезінде осы емтихандардың нәтижелері ескеріледі.

4.4.11 Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін рәсімдеген болса, сол банк берген құжаттарының қаралып жатқаны туралы тиісті анықтаманы ұсынған жағдайда университет білім алушыларының қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдағанға дейін төленуі тиіс соманы төлеу бойынша білім беру кредитін рәсімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзімге кейінге шегеру мүмкіндігі беріледі.

4.4.12 Шетел тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттары оқуға қабылдағаннан кейін I (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

4.4.13 Университет қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға студенттерді университетке қабылдау бойынша қорытынды есепті ұсынады.

4.4.14 Осы Ережемен реттелмеген Университетке қабылдауға қатысты барлық мәселелерді университеттің қабылдау комиссиясы шешеді.

## **5 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі**

### **5.1 Магистратураға қабылдау ережелері**

5.1.1 Тұлғаларды магистратураға кешенді тестілеу (бұдан әрі - КТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.1.2 Шетелдіктерді магистратураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды қоспағанда, шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5.1.3 Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке оқуға қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

5.1.4 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына» сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады. Шетел тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ

немесе орыс тіліндегі аудармасымен коса ұсынылады.

5.1.5 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғаларды қабылдағаннан кейін 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

5.1.6 Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. ЖОО басшысы Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

5.1.7 Университеттің магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау ЖОО-ның қабылдау комиссиясы және (немесе) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі белгілеген күндер бойынша ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

5.1.8 Магистратураға қабылдау мерзімі – 1-лек: күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін; 2-лек: күнтізбелік жылдың 10 қаңтарына дейін.

## **5.2 Докторантураға қабылдау ережелері**

5.2.1 Докторантураға тұлғаларды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.2.2 Докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5.2.3 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің ақылы негізінде білім беру бағдарламалары бойынша шетел азаматтарын оқуға қабылдау университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

5.2.4 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады.

5.2.5 Университетте құжаттарды қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады. ЖОО басшысы Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады.

5.2.6 Университеттің докторантурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Докторантураға өтініштер мен құжаттарды қабылдау мерзімін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі айқындайды.

## **6 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледжге оқуға қабылдау тәртібі**

6.1 Техникалық персоналдың жұмысын ұйымдастыруды колледж директоры жүзеге асырады, азаматтарды қабылдайды, оқуға қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұрауларына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын дайындайды, әңгімелесуді, арнайы және шығармашылық емтихандардың емтихан алды кеңестерін өткізеді және емтихандарды өткізуді ұйымдастырады, емтихан және жазбаша жұмыстарды шифрлайды және дешифрлайды жүзеге асырады.

6.2 Арнайы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар мен педагогикалық мамандықтар бойынша емтихандарды өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына әлеуметтік әріптестер, білім беру ұйымдарының, БАҚ, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Емтихан алу комиссиясы 20 маусымнан кешіктірілмей Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрығымен құрылады. Колледж директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға емтихан комиссиясының төрағасы болып табылады.

6.3 Емтихан алу комиссиясының шешімдері, егер отырысқа олардың құрамының кемінде үштен екісі қатысса және қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданса, заңды деп саналады.

Қабылдау және емтихан алу комиссиялары мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио немесе бейнежазба ТЖКОБ ұйымының мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

6.4 Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау комиссиясының жұмысы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

6.5 Арнайы білім беру бағдарламалары бойынша білікті жұмысшыларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша колледжге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау колледждің жобалық мүмкіндіктері ескеріле отырып, тұлғалардың өтініші бойынша жүзеге асырылады. Ол еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және (немесе) ұйымдардың дайындық бөлімшелері үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім беру және балаларға қосымша білім беру» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу туралы № 13418) (бұдан әрі – № 122 бұйрық) және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына» сәйкес айқындалады.

Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша колледжге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау конкурстық негізде тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

6.6 Колледжге өтініштерді қабылдау, арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде ақылы негізде оқуға қабылдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

6.7 Колледжге тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларына арнайы оқу бағдарламалары бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады;

2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 18 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 15 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

6.8 Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы колледжге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) не «электрондық үкіметтің» веб-порталына (бұдан әрі – портал) жүгінеді және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

6.9 Оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толғандар жеке өзі, кәмелетке толмағандар заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

6.10 Құжаттарды Портал арқылы тапсырған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама шығады.

6.11 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері қағаз жеткізгіште немесе көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат

нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

6.12 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың колледжге қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

6.13 Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

6.14 Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

6.15 Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар орта буын мамандықтарына оқуға түсетін адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

6.16 Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

6.17 Колледжге білікті жұмысшы кадрларды даярлауға оқуға түсушілер саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып түскен кезде тегін оқуға қабылдау жалпы орта мектепті бітіргені туралы аттестаттағы немесе негізгі орта білімі туралы куәліктегі орташа балл бойынша конкурс нәтижелері арқылы жүзеге асырылады.

6.18 Оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген тұлға екендігін растайтын құжаттар оқуға қабылдау кезінде қабылдау комиссиясына ұсынылады.

6.19 Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап білім беру ұйымының сайтында орташа конкурстық балын көрсете отырып, қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оның күнделікті жаңартылуын қамтамасыз етеді.

6.20 Колледжге білім берілуіне ерекше қажеттілігі бар адамдарды оқуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Білім берілуіне ерекше қажеттілігі бар адамдар әңгімелесуге өтініш берген кезде медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысында (медициналық анықтамада) көрсетілген ұсынымдар мен қарсы көрсетілімдерге сәйкес, сондай-ақ таңдап алынған мамандықтарға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып, мамандықтар мен біліктіліктерді таңдайды.

6.21 Орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсетін тұлғалар күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап кәсіптік диагностикадан (сауалнама) өту және конкурсқа қатысу үшін білім басқармасының ақпараттық жүйесіне тіркеледі.

6.22 Кәсіби диагностиканың қорытындысы бойынша талапкерге мамандықтар мен ұсынылатын мамандықтарға кәсіптер картасын алуға ұсынымдар беріледі. Кәсіби диагностиканың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

6.23 Кәсіптік диагностикадан өткеннен кейін колледжге оқуға түсетін тұлғалар педагогикалық мамандықтар, сондай-ақ арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы ТЖКОБ таңдаған ұйымдар тізімінде бірінші болып белгіленген колледжге арнайы және шығармашылық емтихандар тапсыру үшін жіберіледі.

6.24 Колледжге оқуға түсетін тұлғалар педагогикалық мамандықтар бойынша арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар тапсырады (3-қосымша).

6.25 Педагогикалық мамандыққа түсуші тұлғалар үшін арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімі негізгі орта білім базасында түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 18

тамызына дейін, жалпы орта білім базасында түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21 тамызына дейін, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 28 шілдесіне дейін белгіленеді.

6.25 Мүгедек балалар мен мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) қажет болса, педагогикалық мамандықтар, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарға қатысу үшін мынадай нысан бойынша мүгедектігі туралы «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) анықтаманы көрсеткен жағдайда, емтихан комиссиясы төрағасының атына медициналық-әлеуметтік сараптама ұсыну туралы еркін нысанда:

1) жеке аудитория бөлу туралы;

2) мүгедек балалар мен көру қабілеті, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер үшін арнайы немесе шығармашылық емтихан шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы болып табылмайтын көмекшінің және (немесе) мүгедек балалар мен есту қабілеті бұзылған мүгедектер үшін ымдау тілін меңгерген маманның қызметіне жүгіну туралы қосымша өтініш береді.

6.27 Арнайы және/немесе шығармашылық емтиханның нысаны мен өткізу тәртібін (күні, уақыты, өткізу орны, консультациялар) Қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және өтініш қабылдау кезінде оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

6.28 Оқуға түсушіні арнайы және/немесе шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

6.29 Арнайы және/немесе шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және/немесе шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде:

1) арнайы және шығармашылық емтихандар келесі баға бойынша бағаланады: «3», «4», «5»;

2) педагогикалық мамандықтар («Дене шынықтыру және спорт» мамандығын қоспағанда) бойынша арнайы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

6.30 Арнайы және/немесе шығармашылық емтиханның қорытындылары бағалау ведомосімен рәсімделеді. Арнайы және шығармашылық емтихандар мен әңгімелесулерді өткізу кезеңінде аудио және бейнежазба жүргізіледі, ол колледж архивінде кемінде бір жыл сақталады.

6.31 Арнайы және/немесе шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады және емтихан өткізілетін күні колледждің ақпараттық стендтеріне немесе интернет-ресурстарына орналастырылады.

6.32 Арнайы және шығармашылық емтихандардың нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында Қабылдау комиссиясының төрағасының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

6.33 Емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі, апелляциялық комиссия берілген өтінішті өтініш берген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қатысуымен қарайды.

6.34 Арнайы және/немесе шығармашылық емтиханның нәтижелерін колледж мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға арналған конкурсқа (бұдан әрі - Конкурс) қатысу үшін білім басқармасының ақпараттық жүйесіне жібереді.

6.35 Орта буын және қолданбалы бакалавр мамандықтары бойынша конкурсқа негізгі орта, жалпы орта білім беру базасында оқуға түсуші тұлғалар, сондай-ақ білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған тұлғалар қатысады.

Медициналық мамандықтарға оқуға түсетін адамдар психометриялық тестілеудің

қорытындысы бойынша конкурсқа жіберіледі, оны өткізу нысанын Колледж айқындайды.

Конкурсқа қатысу үшін оқуға түсушілер негізгі орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 18 тамызы аралығында, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында күнтізбелік жылдың 20 тамызы аралығында білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесіне өтініш береді.

6.36 Конкурсқа өтініш берген кезде оқуға түсушілер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған жағдайда), ТжКОБ-дан кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссиялар бекіткен төрт колледжге дейін, оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын), білім деңгейін таңдайды және білім басқармасы дайындайтын конкурсты өткізу жөніндегі бірыңғай нұсқаулықпен танысады.

6.37 Талапкерлердің өтініштері бойынша қабылдауды жүзеге асыратын Колледж қабылданған талапкерлерді күнтізбелік жылдың 18 тамызында мамандығын, біліктілігін көрсете отырып, білім басқармасының ақпараттық жүйесіне тіркейді.

6.38 Конкурссты Білім басқармасы талапкерлерді білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндерді бағалаудың орташа конкурстық балы бойынша, ал педагогикалық, медициналық мамандықтарға, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндерді бағалаудың және қабылдау квотасын ескере отырып колледж өткізген арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша алынған бағалардың (балдардың) орташа балы бойынша автоматтандырылған жолмен орналастыру арқылы жүргізеді.

6.39 Негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасындағы конкурс күнтізбелік жылдың 19-22 тамызы аралығында, жалпы орта білім беру, ТжКБ базасында күнтізбелік жылдың 22-25 тамызы аралығында өткізіледі.

6.40 Шет елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін, білім туралы құжатта міндетті және бейінді пәндер болмаған жағдайда, міндетті және бейінді пәндердің тізбесін ақпараттық жүйенің бағыты бойынша колледждің қабылдау комиссиясы белгілейді.

6.41 Колледж талапкерлер арасындағы әңгімелесу қорытындысы бойынша қабылданған талапкерлерді мамандығы, біліктілігі көрсетілген білім басқармасының ақпараттық жүйесіне тіркейді.

6.42 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша топтар (15 адамнан кем) жинақталмаған, қамтылмаған талапкерлер болған кезде күнтізбелік жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығына сәйкес мамандықтар және Колледж бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қайта бөлу жүргізіледі.

6.43 Конкурс қорытындысы бойынша талапкер білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледжге құжаттар топтамасын тапсырады.

6.44 Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қатарына қабылдау Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде Басқарма Төрағасы - ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады:

- 1) оқудың күндізгі нысанына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;
- 2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегі дейін.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қатарына қабылдау Басқарма Төрағасы - ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады:

- 1) оқудың күндізгі нысанына - әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;
- 2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін қабылданады.

6.45 Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты

орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стендтерге немесе Колледждің интернет-ресурстарына орналастыру арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізеді.

**Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізілетін  
білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі**

<b>Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі</b>	<b>Білім беру бағдарламалары топтарының атауы</b>
<b>Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</b>	
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
<b>Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</b>	
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
B031	Сән, дизайн

## Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу формасы

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу формасы
<b>Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</b>		
B001	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдайды шешу
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдайды шешу
B003	Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдайды шешу
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B009	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B010	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B012	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B013	Биология мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B014	География мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдайды шешу

<b>Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы</b>			
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене дайындығы бойынша нормативтер
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындаушылық мәдениет	Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (рисунок маски лица человека, сделанного из гипса гипстен жасалған адамның бет суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
B031	Сән, дизайн	Сурет, кескіндеме	Композиция немесе сызу

## Колледждің арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарын өткізу формасы

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандығының коды	Мамандық атауы	Колледждің арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарын өткізу формасы	
		негізгі орта білім базасында (жалпы негізгі), Бастауыш білім беру базасында («хореографиялық өнер» мамандығы, «балет әртісі» біліктілігі")	орта білім негізінде (жалпы орта)
<b>010000 – Білім беру</b>			
0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Кәсіби жарамдылығын анықтау, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылығын анықтау, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу үшін әңгімелесу
0103000	Дене шынықтыру және спорт	Кәсіби жарамдылығын анықтау, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу үшін әңгімелесу Мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру	Кәсіби жарамдылығын анықтау, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу үшін әңгімелесу. Мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру.
0105000	Бастауыш білім беру	Кәсіби жарамдылығын анықтау, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу үшін әңгімелесу	Кәсіби жарамдылығын анықтау, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу үшін әңгімелесу

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ		
СМЖ 4 - деңгейдегі құжаты		
Түсу емтихандарының бағдарламасы	«__»____2022 ж. №1 басылым	Ф 042-11.01-2022

**«БЕКІТЕМІН»**

Қабылдау комиссиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ Б.А.Ердембеков

«\_\_»\_\_\_\_202\_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(Білім беру бағдарламасының шифры, атауы)

Білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсу үшін шығармашылық емтихандар

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

## 1 ӘЗІРЛЕНДІ

\_\_\_\_\_ кафедрасы  
(кафедра атауы)

## 2 ТАЛҚЫЛАНДЫ

\_\_\_\_\_ кафедрасы отырысында  
(кафедра атауы)

Хаттама №\_\_ «\_\_» \_\_\_\_ 202\_\_ ж.

Оқу кафедрасының меңгерушісі: \_\_\_\_\_ (аты-жөні.)  
(қолы)

## 3 ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

\_\_\_\_\_ факультетінің Кеңесінде  
(факультет атауы)

Хаттама №\_\_ «\_\_» \_\_\_\_ 202\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ факультетінің деканы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні)

## МАЗМҰНЫ

1. Шығармашылық емтиханның мақсаты мен негізгі міндеттері
2. Емтихан формасы
3. Толық оқу мерзімі бойынша шығармашылық емтихан тапсырмалары және бағалау критерийлері
4. Қысқартылған оқу мерзімі бойынша шығармашылық емтихан тапсырмалары және бағалау критерийлері
5. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі